

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2014 жылғы 16 мамыр

ОРХУСС КОНВЕНЦИЯСЫН ТӘЖІРИБЕЛІК ІСКЕ АСЫРУ - МАҢҒЫСТАУДА ЕУРОПА ОДАҒЫНЫҢ ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН

АҚТАУ – Бүгін Маңғыстауда міндеттерінің бірі экологиялық «нашар аймақты» анықтау болып табылатын Еуропа Одағы қаржыландыратын жоба іске қосылды. Сонымен қатар жоба азаматтарды қоршаған орта жөнінде ақпарат алуға және шешімдер қабылдау рәсімдеріне тиімді қатысуға оқытатын болады. Көрсетілген бастама Қазақстан Республикасы 2000 жылы бекіткен жұртшылықты қоршаған ортаны қорғауға қатысты мәселелер бойынша әділеттілікке қол жеткізу және шешім қабылдауға қатыстыру, ақпаратқа қол жетімділік туралы конвенцияның (Орхусс конвенциясының) іске асырылуын жақсартуға үлесін қосады. Аталған үш жылдық жоба Еуропа Одағының қаржылық қолдауы арқылы жүзеге асырылады.

*«Халықтың сенімі мен хабардар болуын нығайту үшін ақпаратқа қол жеткізудің елеулі маңызы бар. Шешімдер қабылдау және ең жақсы баламасын іздеу үдерісіне азаматтардың белсенді қатысуынан қоғамның бәрі пайда таба алады. Біздің тәжірибеміз Маңғыстаудың кейбір экологиялық проблемаларын шешуге, сөйтіп адамдар денсаулығын қорғауға себеп болатынына сенеміз», - деді «Арника» чех үкіметтік емес ұйымның жоба үйлестірушісі **Мартин Скальски**.*

*«Еуропа Одағында экологиялық қауіпсіз технологиялар, экологиялық проблемаларды шешудің табысты үлгілері мен қоршаған ортаны қорғауға қатысты қатаң стандарттары бар. Бұл әрекет біздің өңіріміздегі экологиялық қауіптермен жұмыс жасаған кезде жолдар іздеуге бізді шабыттандыратын болады», - деп көрсетті жобаның өңірлік үйлестірушісі болып табылатын «Эко Маңғыстау» үкіметтік емес мекеменің директоры **Кирилл Осин**.*

«Азаматтардың құқықтарын іске асыру және экологиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға қоғамдық қатысу – Маңғыстау облысында Орхусстік конвенцияны тәжірибелік іске асыру» жобасы өз өмірінің деңгейін арттыруға азаматтық қоғамның құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Жобаның негізгі мақсаттарының бірі өнеркәсіптік ластанудан қорғау және тікелей тұрмыс қалпын қозғайтын шешімдер қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін алуға жергілікті бірлестіктердің әлеуетін арттыру үшін ақпаратқа қоғамдық қол жетуді алға жылжыту болып табылады. Сонымен қатар бастамаға экологиялық үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін өсіру және ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ ақпаратқа қол жетімділік пен қоғамдық қатысуға байланысты заңнама өзгерістеріне бастамашылық ету кіреді.



The project is implemented by Arnika – Citizens' Support Center
Chlumova 17, 130 00
Prague 3
The Czech Republic
Tel./fax: +420 222 781 471
e-mail: arnika@arnika.org

Impl. partners: EcoMuseum
Karaganda, CINEST, Eco
Mangystau



This project is funded by the European Union

Delegation of
The European Union
to the Republic of
Kazakhstan
62, Kosmonavtov str.,
Astana 010000
Tel: (7172) 97-10-40
Fax: (7172) 97-95-63



The European Union is made up of 28 Member States who have decided to gradually link together their know-how, resources and destinies. Together, during a period of enlargement of 50 years, they have built a zone of stability, democracy and sustainable development whilst maintaining cultural diversity, tolerance and individual freedoms. The European Union is committed to sharing its achievements and its values with countries and peoples beyond its borders.



БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Жобаны «Эко Маңғыстау», «Қарағандының Экологиялық Мұражайы», Қазақстандағы «Жаңа экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу орталығы» мен Чехиядағы «Арника» қоғамдық ұйымдар орындайтын болады. Жобаны іске асыру үшін 336 120 еуро мөлшеріндегі қаражатты Еуропа Одағы пайдалануға береді. Осы жоба аясында жергілікті бастамашы топтар мен үкіметтік емес ұйымдарға жергілікті экологиялық проблемаларды шешу үшін 1500 еуродан бастап 3 000 еуроға дейін және жалпы сомасы 16 000 еуро кіші гранттар берілетін болады.

Қосымша ақпарат алу үшін, төмендегі байланыстар бойынша хабарласыңыз: **Вратислав Возник**, «Арника»: vratislav.voznik@arnika.org, ұялы т. +420 606 727 942; **Кирилл Осин**, «Эко Маңғыстау» ҰЕМ: osinkirill@gmail.com, ұялы т. +7 701 415 3161, тел. /факс: +7 792 250 3880; **Карла Джаманкулова**, ақпарат және БАҚ бойынша офицер, Еуро Одағының Қазақстандағы Өкілдігі: karlygash.jamankulova@ec.europa.eu